

## БАСПАСӨЗ-РЕЛИЗИ

### *«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2007 жылдың қаржы нәтижелерін жариялады.*

*Астана, 2008 жылдың 17 наурызы.* «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ («КМГ БӨ» немесе «Компания») бүгін 2007 жылдың тексерілген қаржы нәтижелерін жариялады.

- Мұнай өндіру көлемі бірлескен кәсіпорындардағы үлесті есептегенде, 2006 жылмен салыстырғанда 11,64%-ға артық 10 639 мың тоннадан астамды құрады.
- Таза пайда 28%-ға артты және 157 млрд. теңгені (1 282 млн. АҚШ долларын)<sup>1</sup> құрады.
- Компанияның Қазгермұнай ЖШС-дағы өндірудегі 50% үлесінің есебінен 17,9 млрд. теңге (146 млн. АҚШ доллары) мөлшерінде қосымша табыс түсті.

Асқар Балжанов, КМГ БӨ АҚ Бас директоры: «2007 жылдағы қол жеткізілген нәтижелер мен таза пайданың артуы жасалған сатып алулар мен негізгі активтердегі жұмыстың тиімділігін көрсетеді.

Біз сатып алу стратегиясының, негізгі кенорындарындағы өндірудің қол жеткізілген деңгейін ұстап тұрудың және кең ауқымды геологиялық-барлау бағдарламасының есебінен бұдан әрі дамудың мүмкіндігіне кәміл сенімдіміз».

### Өндірістік көрсеткіштер

Мұнай өндіру деңгейі 11,64%-ға және өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 1 118 мың тонна артып, 10 639 мың тоннаны құрады. Өндірудің өсуі 2007 жылдың сәуіріндегі Қазгермұнай БК ЖШС-дағы үлестің 50%-ын және 2007 жылдың желтоқсанындағы CITIC Canada Energy Limited («CCEL») үлестің 50%-ын сатып алудың нәтижесінде болды.

Негізгі активтердегі жылдық мұнай өндіру жаңа иеленулерді қоспағанда шамамен алғанда жоспарға сәйкес, 2006 жылғы деңгейде қала отырып, 9 530 мың тоннаны құрады. Сатып алушыларға 9 585 мың тонна мұнай сатылды. Бұл ауқымнан 2006 жылғыдан 9,13%-ға артық, шамамен алғанда 7 354 мың тонна экспортқа қойылды.

---

<sup>1</sup> Сома АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп пайдалар мен шығындар туралы жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша және жиынтық баланстар үшін кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды.

## Қаржылық көрсеткіштер

Салық төлеуден кейінгі пайда (таза пайда) 2007 жылы 2006 жылмен салыстырғанда 28%-ға өсті және 157 млрд. теңгеге (1 282 млрд. АҚШ долларына) сәйкес келеді. Таза пайданың артуы мұнай сатудың жоғары бағасымен, экспорттық сатулардың қолайлы үрдістерімен, Қазгермұнай компаниясындағы үлес есебінен қосымша кіріспен, қаржы кірісінің артуымен байланысты болды. Аталған факторлар бағамдық айырмашылық бойынша шығыстардың артуымен, операциялық шығыстардың артуымен және табыс салығының бірқатар тиімді бағамының артуымен ішінара өтелді.

ҚМГ БӨ-нің түсімі 2007 жылы 18%-ға артты және 487 млрд. теңгені (\$3 974 млн. АҚШ долларын) құрады. Аталған өсу негізінен алғанда мұнай сату көлемінің 3,2%-ға артуымен және сатудың орташа бағасының бір тонна үшін 43 498 теңгеден (баррель үшін 47,71 АҚШ доллары) 49 554 теңгеге (баррель үшін 55,93 АҚШ доллары баррель) дейін 13,9%-ға өсуімен байланысты болды. Экспорт 2007 жылы мұнай берудің жылдық көлемінен 77%-ды құрады (экспорт 2006 жылы мұнай берудің жалпы көлемінен 73%-ға жуықты құрады).

Операциялық шығындар өткен жылғыға қарағанда 9%-ға немесе 17,4 млрд. теңгеге (187 млн. долларға) артық 211 млрд. теңгені (1 720 млн. АҚШ долларын) құрады. Операциялық шығындардың өсуі 2006 жылдың бірінші жартысында 11,4 млрд. теңге мөлшеріндегі экологиялық айыппұл бойынша резервті бөлшектеудің есебінен болды. Бұдан бөлек, операциялық шығындардың артуы 6,0 млрд. теңгені немесе 3%-ды құрады. Бұл көрсеткішке көліктік шығындардың артуы, тозу, ескіру және амортизация, өсімақылар мен айыппұлдар, опциондық бағдарламаларға сәйкес сыйақы төлеу, материалдарды алу шығындарының артуы, консультациялық қызметтер шығындарының қысқартылуы, жеке салықтық және әлеуметтік жобалар шығындарының азаюы әсер етті.

Операциялық қызметтен ақша ағымы 2007 жылы 2006 жылға қарағанда шамамен 46%-ға артық 173 млрд. теңгені (1 411 млн. АҚШ долларын) құрады. Жыл ішінде компания 137 млрд. теңгеге Қазгермұнай және CCEL компанияларындағы үлестерді сатып алды. Аталған сома инвестициялық қызметке пайдаланылған ақша қаражатының құрамына кірді.

Негізгі құралдарды сатып алуға арналған шығындар (сатып алынған материалдық емес активтерді есептемегендегі күрделі салымдар) 2006 жылға қарағанда 16%-ға аз 40,1 млрд. теңгені (327 млн. АҚШ долларын) құрады.

Компанияның акционерлеріне төленген дивидендтер 2007 жылы 35,7 млрд.теңгені (291 млн. АҚШ долларын) құрады.

### Қазгермұнай компаниясының 50% үлесін сатып алудың әсері

2007 жылдың 24 сәуірінде ҚМГ БӨ Қазгермұнайдың 50% үлесін сатып алу жөніндегі мәмілені аяқтады. ҚМГ БӨ таза кіріске 17,9 млрд. теңге (146 млн. АҚШ долларын) қосты. Аталған сома Қазгермұнайды сатып алудың бухгалтерлік есебімен байланысты сенімсіз сипаттағы түзетулерді есептемегенде тиісті кезеңде 27,6 млрд.теңгені құраған ҚМГ БӨ-нің Қазгермұнай компаниясының таза кірісіндегі 50% үлесі болып табылады.

2007 жылдың ішінде Қазгермұнай кен орындарындағы өндіру көлемі 2006 жылға қарағанда 5,8%-ға артық 3 051 мың тонна мұнайды құрады. Мәміле жасалған сәттен бастап 2007 жылдың желтоқсанының аяғына дейінгі 251 күннің ішінде Қазгермұнай

компаниясының жалпы өндіруінен ҚМГ БӨ-ге тиесілі үлес 1 062 мың тонна мұнайды құрады.

Сатып алғаннан бері ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясынан дивидендтер түрінде 2007 жылдың қарашасында 300 млн. АҚШ долларын, 2008 жылдың наурызында 75 млн. АҚШ долларын алды.

### **ССЕЛ компаниясының 50% үлесін сатып алудың әсері**

2007 жылдың 12-желтоқсанында Компания Батыс Қазақстандағы Қаражанбас кенорнын игеріп жатқан ССЕЛ компаниясындағы 50 %-дық үлесті алу туралы мәмілені аяқтады.

Осы иеленуге байланысты Компания өз балансында 150 миллион АҚШ долларын (18 478 млн теңге) ұзақ мерзімді қаржы активі ретінде көрсетті.

2007 жылдың ішінде ССЕЛ компаниясының мұнай өндіруі 1,942 мың тоннаны (күніне 35.54 мың баррелді) құрады. ССЕЛ компаниясының мұнай өндіруіндегі 50%-дық үлес сатып алған күннен бастап жыл соңына 48 мың тоннаны (күніне 15.88 мың баррелді) құрады.

\*\*\*

2007 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ескертпелерімен қоса топтастырылған қаржылық есептің толық нұсқасы Компанияның Интернет-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) орналастырылды. Компанияның қызметі, корпоративтік басқару және тәуекел факторлары туралы қосымша ақпарат акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысының алдында жарияланатын Компанияның жылдық есебінде жарияланады. 2007 жылдың қаржылық есебі Компанияның Директорлар Кеңесі мен Акционерлер Жиналысының мақұлдауына жатады.

## Қосымша<sup>2</sup>

### ҚМГ БӨ-нің 2007 жылғы негізгі операциялық және қаржылық көрсеткіштері

ҚМГ БӨ-нің Қазгермұнай, ССЕЛ өндіруіндегі үлестерді есептемегендегі жиынтық операциялық деректері

	31 желтоқсанда аяқталған үш айда		31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	
	2007	2006	2007	2006
Мың тоннада				
<i>Мұнай өндіру</i>	2 422	2 408	9 530	9 530
<i>Мұнай экспорты</i>	1 803	1 751	7 354	6 739
<i>Ішкі рынокқа беру</i>	582	539	2 201	2 551

Пайдалар мен шығындар туралы топтастырылған есептер бойынша жиынтық деректер

	31 желтоқсанда аяқталған үш айда		31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	
	2007 (тексерілмеген)	2006 (тексерілмеген)	2007 (тексерілген)	2006 (тексерілген)
Миллион теңгеде				
<i>Кірістер</i>	148 137	98 483	486 974	412 207
<i>Операциялық шығыстар</i>	(58 582)	(59 279)	(210 834)	(193 397)
<b><i>Операциялық пайда</i></b>	<b>89 555</b>	<b>39 204</b>	<b>276 140</b>	<b>218 809</b>
<i>Қаржылық кірістер (шығыстар)</i>	4 035	4 019	13 200	(116)
<i>Еншілес кәсіпорындарды сатудан пайда (зиян)</i>	-	76	860	-
<i>Ассоциацияланған компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың кірістеріндегі үлес</i>	8 537	74	17 430	(328)
<b><i>Табыс салығынан пайда мен азшылықтық үлесі</i></b>	<b>102 526</b>	<b>43 373</b>	<b>307 630</b>	<b>218 366</b>
<i>Табыс салығы бойынша шығыстар</i>	(48 888)	11 365	(150 511)	(94 673)
<b><i>Кезеңдегі таза пайда</i></b>	<b>53 639</b>	<b>54 738</b>	<b>157 119</b>	<b>122 561</b>
<i>Есебіне жатқызылған:</i>				
<i>Компания акционерлерінің</i>	53 638	54 738	157 119	122 561
<i>Азшылық үлесінің</i>	-	-	-	-

Ақша қаражатының қозғаласы туралы топтастырылған есептер бойынша жиынтық деректер

#### 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде

Миллион теңгеде	2007	2006
	(тексерілген)	(тексерілген)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>	172 961	122 210

<sup>2</sup> Қосымшаға енгізілген жекелеген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін.

<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(40 095)	(49 286)
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтер мен сату үшін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сату, нетто	(138 310)	(170 235)
Шыққан компаниялардың ақша қаражаттарының қалдықтарын есептемегендегі еншілес компанияларды сатудан түсім	10 347	3 653
Бірлескен қызметтегі қатысуды алу	(137 518)	-
Байланысқан тараптарға берілген займдарды өтеу	97 540	37 012
Алынған сыйақылар және басқалары	13 546	(6 725)
<b>Инвестициялық қызметке пайдаланылған ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>(51 641)</b>	<b>(149 515)</b>
Займдар бойынша түсім	1 995	101 629
Займдарды өтеу	(8 136)	(1 628)
Компанияның акционерлеріне төленген дивидендтер	(35 560)	(39)
Төленген сыйақылар, басқалары	(2 606)	(2 015)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>(44 974)</b>	<b>219 259</b>

Топтастырылған бухгалтерлік баланстар бойынша жиынтық деректер

Миллион теңгеде	31 желтоқсан 2007 ж. (тексерілген)	31 желтоқсан 2006 ж. (тексерілген)
<b>АКТИВТЕР</b>		
Айналымнан тыс активтер	371 620	376 824
Айналымдағы активтер	472 152	358 114
<b>Жиыны активтер</b>	<b>843 773</b>	<b>734 937</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Компания акционерлерінің үлесі	646 441	525 752
Азшылықтың үлесі	-	6
<b>Жиыны капитал</b>	<b>646 441</b>	<b>525 758</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕ</b>		
Ұзақ мерзімді міндеттеме	62 735	100 844
Ағымдағы міндеттеме	134 596	108 336
<b>Жиыны міндеттеме</b>	<b>197 331</b>	<b>209 180</b>
<b>ЖИЫНЫ МІНДЕТТЕМЕ МЕН КАПИТАЛ</b>	<b>843 773</b>	<b>734 937</b>

Төменде 31 желтоқсанда аяқталған 2007 және 2006 жылдардағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып мұнай мен мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

Бағыттар бойынша 2007 жылғы бағалардың талдауы\*

	2007 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	ӨАС	КҚК	Басқалары
	(АҚШ доллары/барр.)		
Жарияланатын нарықтық баға <sup>(1)</sup>	69,53	73,02	-
Сату бағасы <sup>(2)</sup>	65,75	70,61	18,93
Көліктік шығыстар	(6,13)	(6,89)	(0,83)
Сатулар бойынша комиссия	(0,07)	(0,07)	-
Өңдеуге арналған шығындар	-	-	-
<b>Сатудың түзетілген бағасы</b>	<b>59,55</b>	<b>63,65</b>	<b>18,10</b>

Бағыттар бойынша 2006 жылғы бағалардың талдауы\*

	2006 жылдың 31 желтоқсанда аяқталған жыл		
	ӨАС	КҚК	Басқалары
	(АҚШ доллары/барр.)		
Жарияланатын нарықтық баға <sup>(1)</sup>	60,99	65,23	-
Сату бағасы <sup>(2)</sup>	57,57	61,32	19,22
Көліктік шығыстар	(6,16)	(5,93)	(0,80)
Сатулар бойынша комиссия	(0,07)	(0,07)	(0,02)
Өңдеуге арналған шығындар	-	-	(0,55)
<b>Сатудың түзетілген бағасы</b>	<b>51,34</b>	<b>55,32</b>	<b>17,85</b>

\* газ өңдеу өнімдері, басқа да кірістер мен қызмет көрсетулер есептелместен

Анықтамалық ақпарат

	31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде	
	2007	2006
Кезеңдегі орташа бағам, US\$/KZT*	122,55	126,09
2006 жылдың 31 желтоқсанына US\$/KZT бағамы*		127,00
2007 жылдың 31 желтоқсанына US\$/KZT бағамы*	120,30	
<i>*Көз: ҚР Ұлттық банкі, орташа бағамдар көн сайынғы бағам кесулердің негізінде есептелген</i>		
КМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,62
CCEL үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68

\*\*\*

**АНЫҚТАМА:**

ҚМГ БӨ Қазгермұнай және CCEL (Қаражамбасмұнай) компанияларындағы үлестерді қоса есептегенде 2007 жылы 10,6 млн. тоннадан (тәулігіне 217 мың баррелден) асатын мұнай өндіру көлемі бойынша Қазақстанда екінші орынға ие. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2007 жылдың аяғындағы жағдай бойынша 240 млн. тоннаны (1,8 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ауқымды депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қазанындағы IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты.

**Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Қоғаммен байланыс (+7 7172 977908, +7 7172 977924)

Зухра Сұлтанова

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 975433)

Александр Гладышев

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

WMC Communications Ltd/Pelham PR (+44 203 178 44 18)

Елена Добсон

e-mail: [Elena.dobson@wmccommunications.com](mailto:Elena.dobson@wmccommunications.com)

*Болашаққа қатысты мәлімдеме*

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе паранар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*